

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Kazakh national pedagogical university after Abai

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

**«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар»
сериясы,**

№2(57), 2018

Алматы 2018

Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ХАБАРШЫ

«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар»
сериясы,
№2(57), 2018

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады

Бас редактор
т.ғ.д. **Ғ.Қ. КЕНЖЕБАЕВ**

Редакция алқасы:
т.ғ.д., проф. **М.Қ. Қойгелдиев**

(бас ред. орынбасары),
т.ғ.к., доц. **Р.Р. Оспанова,**
т.ғ.к., доц. **Т.Т. Далаева,**
(жауапты хатшылар),

т.ғ.д., проф. **Х.М. Әбжанов, PhD, проф.**

Вирджиния Мартин (АҚШ),

PhD, проф. **Клаудиа Чанг (АҚШ), т.ғ.д., проф.**

Қара Әбдіуақап (Түркия),

т.ғ.д., проф. **О.Д. Осмонов (Қырғыз**

Республикасы), *т.ғ.д., проф.* **В.М. Козьменко**

(Ресей Федерациясы),

т.ғ.д., проф. **Қ.Т. Жұмағұлов, проф.**

М.Майер (Германия), т.ғ.д., проф. К.Р.

Несіпбаева, т.ғ.д., проф. А.Б. Соколов

(Ресей Федерациясы),

т.ғ.д. **Томохико Уяма (Жапония),**

т.ғ.д., проф. **Т.Ходжаоглы (Түркия)**

© Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық
университеті, 2018

Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат
министрлігінде
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген
№10102 - Ж

Басуға 26.06.2018 қол қойылды. Пішімі 60x84¹/₈.
Көлемі 47.75 е.б.т.
Таралымы 300 дана. Тапсырыс
№323.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13. Абай атындағы
ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университетінің
«Ұлағат» баспасы

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENT

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ТАРИХ СОЦИАЛЬНО-
ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ
SOCIAL AND ECONOMIC HISTORY

Асанова Б.С. Қазақстан библиографиясының 9
дамуындағы мерзімді басылымдардың
рөлі.....
Assanova B.S. The role of periodicals in the development
of the bibliography of
Kazakhstan.....

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ
СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ
SOCIAL AND ECONOMIC HISTORY

ӘОЖ 002.2:94(574)
МРНТИ 03.20

Б.С. Асанова¹

¹*т.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан*

ҚАЗАҚСТАН БИБЛИОГРАФИЯСЫНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ
МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАРДЫҢ РӨЛІ

Аңдатпа

Мерзімді басылымдар жергілікті отаршылдық – әкімшілдік орындардың жергілікті органы болса да, бұқара қарапайым қазақ халқын өнер-білімге, мәдениетке тәрбиелеуде едәуір рөл атқарды. Мақалада Қазақстан библиографиясының дамуындағы мерзімді басылымдардың рөлі, олардың атқарған үлкен істері қарастырылады. Мерзімді басылымдардың тарихи дерек ретіндегі қызметі айқындалып, олардың тарихтағы орны және тарихи дамудың әр кезеңдерінен өткен отандық газет, журналдардың жағдайы туралы баяндалып, талдау жасалынды. Қазақстан библиографиясының дамуындағы мерзімді басылымдардың атқаратын қызметтері – қоғамдық ой-пікірді ұйымдастыру, мемлекетке идеологиялық тұрғыдан ықпал ету, экономикалық, саяси және мәдени ахуал бойынша ақпарат беру, басқару жүйесінде кері байланыс орнату еді. Бұл тәуелсіз ел болып қалыптасудағы Қазақстан библиографиясының дамуындағы мерзімді баспасөздің болашаққа салынған баспалдақ іспетті екендігін айқындайды.

Кілтті сөздер: интеллигенция, интернационализм, ұлтшылдық, революция

Асанова¹ Б.С.

¹*к.и.н., старший преподаватель кафедры всемирной истории, историографии и источниковедения, КазНУ им. Аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан*

РОЛЬ ПЕРИОДИЧЕСКИХ ИЗДАНИЙ В РАЗВИТИИ БИБЛИОГРАФИИ КАЗАХСТАНА

Аннотация

Периодическая печать является местным органом власти в колониальной администрации, всё же она играет важную роль в воспитании культуры и в образовании. В статье рассматривается роль периодических изданий в библиографии Казахстана, а также их заслуга.

Выявляется роль периодических изданий как исторических источников их место в истории, а также проанализированы этапы развития отечественных газет, журналов. Роль периодических изданий в развитии библиографии Казахстана, сформировать общественное мнение, идеологическое влияние на государство, информировать об экономическом, политическом и культурном состоянии, а также обратная связь со системой управления.

Это определяет периодическую печать в библиографии Казахстана как ступень в формировании независимой страны.

Ключевые слова: интеллигенция, интернационализм, национализм, революция

Assanova B.S.¹

¹*candidate of historical sciences, senior teacher of Department of world history, historiography and source study, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

THE ROLE OF PERIODICALS IN THE DEVELOPMENT OF THE BIBLIOGRAPHY OF KAZAKHSTAN

Abstract

Although the periodical press is a local authority in the colonial administration, it plays an important role in the upbringing of culture and in education. The article considers the role of periodical publications in the bibliography of Kazakhstan and their merit.

The role of periodicals as historical sources and their place in history, and the stages of development of domestic newspapers and magazines. The role of periodicals in the development of the bibliography of Kazakhstan is to form public opinion, ideological influence on the state, inform about the economic, political and cultural status and feedback from the management system.

This determines the periodical press in the bibliography of Kazakhstan as a step in the formation of independent country.

Key words: intelligentsia, intellectual person, internationalism, nationalism, revolution

Қазақ библиографиясы, негізінен, қазақ баспасөзінің даму тарихымен тығыз байланысты. XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ елін, жерін патшалы Ресейдің толықтай билеп алуына байланысты Қазақстанның Ташкент, Орынбор, Омбы, Орал сияқты кейбір ірі қалаларында патша өкіметінің жергілікті әкімшілік орындарының жеке ресми органдары ретінде жергілікті ұлт тіліндегі алғашқы газеттер шыға бастады. Әрине, бұл басылымдар қайткен күнде де қазақ халқының қамын ойлап, оның әлеуметтік-шаруашылық және мәдени-ағарту тілектерін ескергендіктен шығарылған жоқ, қайта патша үкіметінің отарлау саясатын күшейте түсу, оның бұйрық-жарлықтарын жергілікті халықтың ана тілінде жариялап, сөзсіз орындату, сондай-ақ оның ресми көзқарастарын тұрғындар арасына кеңінен таратып, қол астындағыларды шексіз бағындырып ұстау мақсатымен шығарылады.

Алайда, патшалық Ресейдің осындай қымысқы саясатына қарамастан, Қазақстанда ұлт тіліндегі өз баспасөзінің тууы халықтың санасын оятып, мол рухани байлыққа ие болуына елеулі түрде әсер етті.

Қазақ қоғамының өмір-тіршілігінен жан-жақты мағлұмат беріп отыруды нысана еткен, 1888 жылдан 1902 жылға дейін Омбыда шығып тұрған «Акмолинские областные ведомости» газетіне қосымша ретінде орыс және қазақ тілдерінде жарық көрген «Дала уалаятының газеті» халқымыздың әдебиеті мен мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін қалың жұртқа танытудағы бірден-бір басылым болды. Орыс тілінде «Особое приобщение к Акмолинским областным ведомостям» деген атпен шыққан осы газет 1894 жылдан бастап орыс тілінде «Киргизская степная газета», ал қазақ тіліндегі «Дала уалаятының газеті» деген атпен жарық көре бастады. Газеттің соңғы саны 1902 жылы наурыз айында басылып, содан кейін «Сельскохозяйственный листокке» айналды. Газетте әр жылдары редактор болғандар: И.Козлов, К.Михайлов, Г.Абаза, А.Попов, Д.Лавров. Газетті қазақша шығару ісін басқарушылар: Ешмұхамед Аблайханов, Дінмұхамет (Дінше) Сұлтанғазин, Рақымжан Дүйсембаев.

Бұл газет үкімет тарапынан шыққан ресми басылым болғанымен, бостандықты, теңдікті көкसेгені, прогресшіл көзқарастары үшін Сібірге жер аударылып келген адамдардың ықпалымен халық газетіне ұқсайтын еді. Бұл ретте газетке дұрыс бағыт берген Г.Н. Потаниннің, Н.М. Ядринцевтің, Л.К. Чермақтың рөлі аса зор болды.

Мәселен, қазақ баспасөзінің тұңғышы «Түркістан уалаятының газеті» екендігі белгілі. Ол сол кездегі Түркістан генерал-губернаторлығының орталығы Ташкент қаласында 1870 жылдың 28 сәуірінен бастап, орыс тілінде шығатын «Туркестанские ведомости» газетіне қосымша ретінде айына төрт рет (екі саны өзбекше, екі саны қазақша) шығарыла бастады [1].

Газеттің редакторы, ұлты башқұрт болса да, қазақтың намысын қорғап, сойылын соққан, орыс және Шығыстың көп тілдерінде еркін сөйлеген, генерал-губернатордың тілмашы болған, ізгі ниетті азамат Шахмардан Мирасұлы Ибрагимов еді. Ал, бұл басылымның аудармашы, әрі әдеби қызметкері болып Хасен Жанышев, Заманбек Шайхы Әлібеков, Жүсіп Қазыбековтер жұмыс істеді.

«Түркістан уалаяты газетінің» ресми және ресми емес деп аталған басты екі бөлімі болды. Ресми бөлімі патша өкіметінің бұйрық-жарлықтары жарияланып, үкімдері түсіндірілсе, ресми емес бөлімде

отырықшылық, егіншілік, мал шаруашылығы, сауда, ішкі-сыртқы жағдайлар, әдебиет, мәдениет, білім, ғылым, өнер, және әйел теңдігі мәселелері қаралды. Оған кезінде газет беттерінде жарияланған «1731 жылы Қазақстан Россияға бодан болуы» туралы мәселелермен қатар, қазақ даласындағы Кенесары хан, Сырым, Исатай-Махамбет батырлар бастаған азаттық көтерілістердің жазылуы да куә. Оның үстіне тікелей патша жарлығымен қазақтардың ең шұрайлы жерлерінің орыс переселендеріне күшпен тартып алынып беріліп жатуы жөнінде материалдардың жариялануы редакция қызметкерлерінің ұстанған бағыт-бағдарларын көрсететін еді. Қазақ тілінде шығатын газеттің 1882 жылы ешбір себепсіз жабылып қалуы да осындай істерге байланысты.

«Түркістан уалаятының газетінде» жоғарыда айтылған жайлардан басқа мәдениет, оқу, білім, әдебиет, тарих пен этнография, археология және тағы да басқа мәселелерге қатысты материалдар, мәселен ауыз әдебиеті үлгілері де жарияланып тұрды. Тұңғыш рет газет өз оқырмандарына Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты біртуар перзентерінің өмірі және еңбек жолдарымен алғаш рет болып танысуларына мүмкіндік жасады.

Басылым беттерінен одан басқа орыс және еуропа халықтарының өнері мен мәдениеті, ғылым, білімі жайында да жарияланған материалдарды табуға болады. Ал, түрлі проблемаларға арналған ғылыми мақалалар, егіншілік, агрономия, ветеринария, зоотехника туралы ақыл-кеңестер өз алдына бір төбе. Мұнда орыс журналистикасының әсерімен корреспонденция, мақала, фельетон, очерк сияқты баспасөз жанрларының түрлері пайда болды.

Газет патшалық Ресейдің отаршылдығын қазақ халқына мойындату және орыс тілін үйрету саясатын ұстана отырып та, қазақ қоғамының шындығын көрсете алды. Қазақты ұлт ретінде таныту там-тұмдап болса да жүргізілді.

Қазақтар баспасөз жоқ кезде елдің бір шетінде болған уақиғаны екіншісі құлақтанғанша жылжып айлар, жылдар өтсе енді газет арқылы хабарласып тез әрі тиімді болды. Қара халық сауатын ашып қана қоймай, қоғам өмірінен, оның ішкі-сыртқы жағдайларына хабардар бола бастады. «Түркістан уалаяты» газеті ғылым жетістіктерін баяндап, дәлелдеумен ғана шектелмеген. Жас жеткіншектерді оқуға, білімге шақырарлық саналы азаматтардың хаттарын жариялап тұрған және балаларды қалай оқыту мәселесін, оның тиімді жақтарын талдап, түсіндіруге талпынған [2].

XVIII ғасырдың соңғы жылдарынан бастап қазақтың жоқтау жырларымен бірге «Қобыланды», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Алпамыс» эпостары қағаз бетіне түсе бастады. Бұл мәселеге «Түркістан уалаятының газеті» де айтарлықтай үлес қосқан. Қай елде болмасын, жазба әдебиетінің дамуында баспасөздің рөлі зор болған. Мұның жарқын мысалын «Түркістан уалаятының» газеті беттерінен де аңғарамыз. Онда алдымен түрлі әдеби жанрлар көрініс тапқан.

«Дала уалаятының газеті» басқа жергілікті газеттерге қарағанда қазақ бұқарасының тұрмысын, оның шаруашылық жағдайларын, мәдени тіршілігін толығырақ көрсетіп отырған газет болды. Бұрынғы Сібір әкімшілігіне қараған Семей, Ақмола, Тобыл, Жетісу қазақтары өнер-білім жаңалықтарын алғаш рет осы газеттен оқу мүмкіндігіне ие болды. Газет қазақ жұртшылығын орыс халқының әдебиетімен таныстырды. Оның бетінде А.С. Пушкин, Л.Н. Толстой, М.Ю. Лермотов, Д.Н. Мамин-Сибиряк, Г.И. Успенский шығармаларының, И.А. Крыловтың мысалдарының қазақ тіліндегі алғашқы аудармалары басылып тұрды. Сондай-ақ, газетте қазақ елінің тұрмысын, әдебиетін, мәдениетін зерттеуші орыс ғалымдары өздерінің мақала-хабарларын жиі бастырды. Олар: Г.Потанин, А.Алекторов, А.Ивановский, А.Добросмыслов, В.Обручев, Н.Патуносков, Н.Ильминский т.б. қазақ елінің тарихына, этнографиясына қатысты материалдармен қатар, қазақ халқының ауыз әдебиеті нұсқаларын жинап бастыруда пайдалы жұмыстар істеді.

Газет негізінде жергілікті отаршылдық-әкімшілік орындардың ресми органы болғанымен, халықты отаршылыққа, өнер-білімге, мәдениетке шақырып тәрбиелеуде едәуір рөл атқарып, қазақтың жазба әдеби тілінің дамуына зор ықпал жасады. Оның бетінде қазақ тілінде бұрын болмаған қоғамдық-публицистикалық, ресми іс қағаздарын жүргізу жөніндегі мақалалар жарияланып, ғылыми стильдің негізі қаланды, аударма тәжірибесінің алғашқы қадамы жасалынып, араб графикасына негізделген қазақ жазбасында тұңғыш рет тыныс белгілері қолданылды.

Ұлттық баспасөзіміздің қарлығаштарының бірі – «Дала уалаяты газетінің» дүниеге келуі қазақ халқының өткен ғасырдағы мәдени өміріндегі елеулі оқиға болды. «Дала уалаятының газетінде» басылған шығармаларда қазақ халқының әр кезеңдеріндегі өмірі, тұрмыс-тіршілігі, күрделі жағдайлар мен оқиғалар толық, тұтас қамтылмағанымен, тарихымызда болған ұлы өзгерістер, халық өмірінің жеке-жеке суреттері алғаш рет осы газет бетінде жарияланып, ұлттық әдебиетпен мәдениеттің негізін қалауға көмектесті.

«Дала уалаятының газетінде» басылған көркем шығармалардың бір тобы қазақтың өз төл туындысы болса, енді бір тобы орыс тілінен аударылған немесе шығыс әдебиетінен ауысқан үлгілері еді. Бұлардың бәрі мазмұн, көркемдік жағынан бір-біріне ұқсамағанымен, жалпы қазақтың жазба әдебиетінің дамуына ықпал етті.

Газет бетінде басылған көркем шығармалардың көбі халқымыздың ертеректегі әдеби мұраларынан бізге жеткен азын-аулақ нұсқалары болғанымен, олар жазба әдебиетіміздің алғашқы қарлығаштары еді.

Газет қазақ халқының қоғамдық әлеуметтік ой-пікірін оятуға, мәдени, әдеби дүниетанымын қалыптастыруға, кеңейтуге едәуір әсер етті. Саяси-экономикалық мәселелермен қатар оқу-ағарту ісінің жай күйі, өнер білімнің пайдасы, орыс мәдениетінің жетістіктері, қазақ әдебиетінің хал-қадірі, қазақ зиялылары мен ғалымдарының өмірі жайында бірқыдыру тарихи құнды мақалалар, хабарлар жариялады. Қазақтың тұңғыш ғалымы Ш.Уәлихановтың, классик ақын Абай Құнанбаевтың, ағартушы әрі жазушы Ыбырай Алтынсариннің қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуына ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы Европа әдебиеті мен мәдениетіне де ықпал етті.

«Дала уалаятының газеті» мақалаларының екі тілде қатар басылып тұрғандығын сөз еткенде, оның сауатты, түсінікті болуына үлкен үлес қосқан қаламгерлерді атап өткен орынды. Атап айтқанда, орыс ғалымдарының қазақтың әдебиеті, мәдениеті жөніндегі мақала, хабар, әңгіме, очерк, публицистикалық шығармаларын қазақ тілінде Е.Абылайханов, Д.Сұлтанғазин, Р.Алтынсарин, А.Құнанбаев, М.Ж. Көпеевтің мақала, хабар, әңгімелері орыс тіліне аударылып басылды [3].

Революциядан бұрын Абай, Ыбырай секілді дүлдүлдер көркем аударманың шебер үлгілерін қалдырса, осы ізді одан әрі жалғастырылған «Дала уалаятының» газеті тәржіманың одан әрі жетелеп, көркемдік дәрежесінің арта түсуіне түрткі болды.

Қазақтың ұлы ақыны Абай өзінен бұрынғы және сол дәуірдегі халықтың бай әдеби мұраларын, сонымен бірге шығыс елдерінен ауысқан қисса-хикаяттарды немесе газет, журналдарда басылған шығармаларды жақсы білген, кей сәтте өзінің шығармашылығында пайдаланып отырған.

ХІХ ғасырдың басынан татар баспаханаларынан шыққан ислам дінін уағыздаушы кітаптарымен бірге шығыстың классик әдебиеті нұсқалары да ел ішіне тарай бастаған.

Солардың ішінде, орыстың ұлы жазушысы Л.Н. Толстойдың шығармаларының қазақ тілінде өткен ғасырдың 70-80 жылдарынан бастап аударыла бастағанына ерекше көңіл бөлген жөн. «Дала уалаятының газетінде» аударылып жарияланған Л.Н. Толстойдың мысалдарына, ұсақ әңгіме, ертегілеріне қысқаша шолу жасасақ, бұл аудармалардың түп нұсқаға өте жақын екендігін байқаймыз.

«Дала уалаятының газетінде» осы ұлы жазушының «Дұрыс әзілдескені» – «Старик сажал яблони», «Бақыт пен Мұжық» – «Мұжық пошел косить луга и заснул», «Құмырсқа мен көгершін» – «Муравей и голубка», «Бұғы» – «Олень», «Бұғы мен қарақаттың сабағы» – «Олень и виноградник» секілді туындылары өте сәтті тәржімалапты [4].

Жалпы алғанда, қазақ баспасөзінің қарлығашы «Түркістан уалаятының газеті» өзінен кейінгі қазақ халқының саясаты, шаруашылық және мәдени өміріндегі елеулі оқиға болған мерзімді баспасөзінің тууы мен қалыптасуында айтарлықтай елеулі рөл атқарды, болашаққа жол салды. Бұл туралы «Туркестанские ведомости» газетін шығарушылардың бірі, орыс ғалымы Остроумов: «Петр ведомостарының» ХVІІІ-ХІХ ғасырларда орыстар үшін қандай маңызы болса, «Түркістан уалаяты газетінің» де қазақтар мен өзбектер үшін сондай маңызы болды» деп, газеттің орны жоғары бағаланды. Сөйтіп, қазақ баспасөзінің тұңғыш қарлығашы «Түркістан уалаяты газетінің» шығудағы мақсаты қазақ халқының сауатын ашу немесе мұң-мұқтажын айту, жағдайын жақсартуға сабепкер болу емес еді десек те, басылымның сол кездегі рөлін жоққа шығара алмаймыз.

20-ғасырдың бас кезінде, яғни 1911 жылдың январынан бастап, 1915 сентябрь айына дейін Троицк қаласындағы «Энергия» баспаханасында қазақ тілінде үзбей шығып тұрған «Айқап» журналы халқымыздың әлеуметтік, саяси өмірінде, әдебиет пен мәдениетімізді насихаттап, таратуда елеулі рөл атқарды. «Айқап» – қоғамдық-саяси және әдеби журнал. 1911-1915 жылы Троицк қаласында басында айына бір рет, кейіннен айына екі рет шығып, 1-2 мың данамен 88 нөмірі жарық көрген. Журналдың шығарушысы да, алғашқы редакторы да белгілі жазушы, журналист М. Сералин болды. Ол журналды алғаш жұрттан қарызға ақша алып, пайда серіктікке пай жинай жүріп шығарды. Біраз уақыттан соң журнал өз қаржысымен шыға бастады, оған жәрдемдесушілерде табылды. Дегенмен, қаржының тапшылығынан ол алғашқы жылы айына бір реттен, кейде шағын көлемді болып жарық көрді.

«Айқап» журналы осылай аталуының себебі мен алдағы мақсаты туралы 1911 жылғы 11-ші санында бастырушылар алқасының атынан былайша түсінік береді: «Айқап» деген сөз қазақтың төл

сөзі, ол ғасырлар бойы мәдениеттен, білімнен кенже қалған бүкіл қазақ халқының өкініші ретінде алынды. Журналдың көп көңіл бөлген мәселесінің бірі – әдет-ғұрып, салт-сана мәселесі еді. Журнал қазақ тіршілігіндегі әдет-ғұрыптың кемшілік, кері кеткен жақтарын сынай отырып, елді жақсылыққа, озық ойға, болашаққа шақырды. «Қазақтың қазіргі халі» деген мақалада елді кері тартатын кесапаттың алыстан келмейтінін, оның өз арамыздағы кәдімгі дау-жанжал, ұрлық, өтірік, өсек сөзден тарайтынын, бұл кемшіліктердің кәсіпсіздік, білімсіздіктен туатынын жұрт алдына алақандағыдай жайып салады. Журнал қазақ елін білімге, өнерге шақырды, оқыту сапасын жақсарту мен білім беруді басты мақсатқа қойды [5, б. 24-26].

«Айқап» қазақтың қоғамдық санасының оянуына және ұлттық мәдениеттің дамуына үлкен үлес қосқан. Журналда қазақ ауылдарындағы оқу-ағарту жұмыстары, әйел теңдігі, отырықшылық өмір салтына көшу, сонымен қатар Мемлекеттік Думаға қатысу жөніндегі саяси мәселелер көтерілді. Журналды шығару жұмыстарына: А.Ғалымов, С.Торайғыров қатысып, А.Байтұрсынұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Б.Майлин, Б.Өтетілеуов, С.Көбеев, Н.Құлжанов, т.б. сияқты белгілі жазушылар белсенді қызмет атқарған. Журналда А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин өлеңдерімен қатар халық ауыз әдебиетінің шығармалары, шығыс, орыс және еуропа әдебиетінің туындылары жарияланған.

Жәрдемшілер көбейіп және қаржыға ие болғаннан кейін, яғни 1912 жылдан бастап журнал айына екі реттен, 12-24 бет көлемде шықты. Қ.Бекқожиннің дәлелдеуінше «Айқаптың» тиражы 1000 дана болған. Жалпы, журналдың 5 жыл ішінде 89 саны жарық көрген.

«Айқаптың» алғашқы санындағы «Қызмет иесі санындағы мырзаларға» деген мақалада: «Журнал шығарудағы мақсат атақ шығару, білім сату емес, халыққа қызмет ету болды». «Айқап» әр материалдың мазмұны мен тақырыбына жете көңіл бөліп отырды. Бірінші бетіне, елдің ішкі өмірінде болған жаңалықтар, ресми хабарлар, екінші, үшінші бетінде «Ашық хат» деген айдарымен оқырмандар хаттарын жариялаған. Мәселелі мақалалар (жер туралы, съезд, сайлау т.б. тақырыптар) бойынша 4-6-шы беттеріне орналасқан. «Фельетон», «Хабарлар» бойынша айдарымен материалдар журналдың орта тұсынан орын алған. Ал шетел жаңалықтарынан, көңіл айтулар мен басқармадан ескертулерді, жаңа кітап туралы рецензияларды журналдың соңғы беттерінен оқуға болатын.

«Айқап» өз кезі үшін үздік журнал болды. Оның әр санын жұрт асыға күтті. Оған Қазақстанның барлық облысынан және Астрахань губерниясына қосылған Бөкей орталықтарымен мен Кавказ округіне қарайтын Маңғыстау, Атырау, Оралдан үзбей хат келіп тұрды. Әсіресе, Ақтөбеден, Қотанайдан, Қыжылжардан, Торғайдан, Көкшетаудан, Қарқаралыдан, Семейден, Аягөзден, Қапалдан, Шиеліден, Қызылордадан, Жамбылдан, Шымкенттен, Зайсаннан мақала жиі жарияланды.

Журналдың бетіне кейде «Одан-бұдан», «Уақиғалар», «Мұсылмандар түсінуіне тиісті мәселелер» деген айдарлар бойынша да материалдар жарық көрді. Кейін оларды алмастырған «Хабаршыларымыздан», «Хабарлар» айдарлары журналдың соңғы кезіне дейін тұрақты шығып тұрды.

«Айқаптың» хатшысы болып 1911-1912 жылдары Әкірам Ғалимов, 1913-1914 жылдары Сұлтанмахмұт Торайғыров істеді. Қызметкер, тілші, автор болып: Жиһанша Сейдалын, Спандияр Көбеев, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Малин, Сәбит Дөнентаев, Бақытжан Қаратаев, Молдағали Жолдыбаев, Бекмырза Бекжанов, Нұралдин Айтмұқанов, Есенғали Хасаболатов, т.б. қатысты [6].

Қазан төңкерісіне дейін шыққан баспасөзде қазақ жеріндегі саяси, экономикалық, шаруашылық, мәдени жағдайлар жан-жақты дәйектермен баяндалады. Бұл газет-журналдардың негізгі мақсаттарының бірі – патша үкіметінің отарлау саясатын күшейте түсу, оның бұйрық-жарлықтарын қарапайым халыққа жеткізу.

Осындай ұлт мүддесі жолында табанды күрес жүргізуге бел байлаған тағы бір басылым – “Қазақ” газеті.

Шынайы тарихи жазылмаған елдің болашағы да күмәнді. Ал шыншыл тарихтың ірге тасы, бойына тараған қаны, соққан жүрегі ұрпаққа бұрмаланбай, сол күйінде жеткен тарихи фактілер.

XX ғасыр басында алаш зиялыларын маңына топтастырып, бүкіл халықтың жоқшысы, жанашыры бола білген – «Қазақ» газеті 1913 жылдың 2 ақпанынан 1918 жылдың соңына дейін Орынбор қаласында шығып тұрған.

«Қазақ» газеті – 1913-1918 жылдары Орынбор қаласында жарияланып тұрған қоғамдық-саяси және әдеби-мәдени басылым. Бірінші нөмері 1913 жылы 2 ақпанда шыққан. Газет 1915 жылға дейін аптасына бір рет, одан кейін екі рет шыққан. Бастырушысы – «Азамат» серіктігі. «Қазақ» газетін шығаруды ұйымдастырушы, редакторы – А.Байтұрсынұлы, оның өкілетті өкілі М.Дулатұлы болды. Ал, 1918 жылы газетті Жанұзақ Жәнібекұлы басқарды.

Ахмет Байтұрсынов «Қазақ» газетіне редактор болып бекітілгенге дейін екі жылдан астам уақыт Торғай, Орал көшпенділер партиясында 60 сомдық айлықпен кеңсе ісін жүргізуші болып істеді. Ахмет азапқа белшеден батып жүріп, 1913 жылдың қаңтар айында «Қазақ» газетін шығару үшін рұқсат алады. Газеттің алғашқы санының шыққаны туралы құжатта былай делінген: «Қазақтың» алғашқы саны бір айдан кейін, яғни 2 ақпан күні жарық көрді. Басып шығарған Орынбордағы «Каримов, Хусайнов және К.Серіктестігінің баспаханасы». Жалпы 265 нөмірі жарық көрген газет рәміздік-бейне ретінде киіз үйді ұсынды. Бұл – қазақ ұлты деген ұғымды берді. Оның түндігі батыстан ашылып, есігіне «Қазақ» деп жазылды. Мұны түсіндірген ұлт зиялылары: «Қазақ ішіне Еуропа ғылым-өнері таралсын, «Қазақ» газеті қазақ жұртына әрі мәдениет есігі, әрі сырт жұрт жағынан күзетшісі болсын», – деп жазды [7].

Ал газеттің атың неге «Қазақ» деп атағандығы туралы А.Байтұрсынов: «Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымызды аты деп газетіміздің есімін «Қазақ» қойдық. Ұлт үшін деген істің істің ұлғаюына күшін қосып көмектесіп қызмет ету қазақ баласына міндет Жол ұзақ, ғұмыр қысқа, қолдан келгенше, ғұмыр жеткенше істеп кетелік. Малша оттап, асап ішіп, халық үшін қан қылмай, қарын тойғанша мәз болып, мал өлімінде өлмей», – дейді. Газеттің алдына қойған мақсаты, көздеген мұраты: жұрт пайдасына көз болу, қазақ арасына ғылым, өнер жайылуына басшылық ету, басқа жұрттардың халінен хабар беру, таныстыру. Сол мақсаттарды орнына келтіру үшін хакімдердің бұйрық-жарлықтарын білдіріп тұру. «Государственная дума», «Государственный совет» жұмыстары турасында жете хабар беру, ішкі хәм сыртқы хабарларды жазып тұру, қазақтың бұрынғы және бүгінгі жайын жазу, күнелту, сауда, кәсіп жер-су, егін-таран, мал шаруасы жайынан кеңесу, оқу, оқыту, мектеп, медресе, ғылым, өнер, тіл әдебиет турасында жөн көрсету; адам хәм мал дәрігерлігі жайынан жазу» деп айқындап береді. Себебі, жоғарғы үкімет орындарының арнайы рұқсатымен шыққан газет солардың талап-тілегін орындамаса, бірден жабылып қалар еді.

XX ғасыр басында аталған газет оқығандардың, діндарлардың, шәкірттердің, қарапайым сауаты бар адамдардың, тұтастай жалпы ұлттың ықыласпен оқитын басылымына айналды. Бұдан кейін пайда болған барша елшіл газет-журналдар осы «Қазақтың» шекпенінен шықты.

«Қазақ» газеті басылған қоғамның әлеуметтік-саяси өміріне қатысты кейбір жарияланымдар ел билеушілердің озбырлығын, әділетсіздігін аямай әшкерелеген. Мұндай мақалалар ресми орындардың наразылығын тудырып, олар газет редакциясын үнемі бақылауға алып, тінтулер жүргізіп отырған. Оның редакторын бірнеше рет жауапқа тартып, айып салып, абақтыға да отырғызған. Осы шараларға қарамастан «Қазақ» газеті өз заманының энциклопедиясына айнала алған. Себебі жалғыз өзі көптеген басылымның міндетін қатар атқарып отырғаны анық. Басылымда: А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханов, М.Дулатұлы, М.Шоқай, М.Тынышбаев, Ш.Құдайбердіұлы, Ғ.Қараш, Р.Мәрсеков, Ж.Тілеулин, Ғ.Мұсағалиев, М.Жұмабаев, Х.Болғанбаев, Х.Ғаббасов, Ж.Ақпаев, Ж.Сейдалиев, С.Торайғыров, А.Мәметов, С.Дөнентаев, Х.Досмұхамедұлы, т.б. авторлардың мақалалары жарияланып тұрды [8].

«Қазақ» газетінің тақырыптық ауқымы кең, жанры сан-салалы. Бүгінгі ұрпақ үшін ол сонымен де құнды. Мысалы, газет бетінен поэзия, проза, аударманың үздік үлгілерін кездестіреміз. Олар: «Туған жер» (М.Жұмабаев), 1913 жылғы 5-ші санында «Жұт» (М.Дулатов), 1913 жылғы 8-ші санында «Елім-ай» (М.Дулатов).

Келтірілген мысалдар «Өлең-жыр» айдарымен тұрақты жарияланып тұрған. Олар басылымның көбіне екінші, болмаса үшінші бетінің төмен жағына қарай орналасқан. Себебі, газеттің бірінші бетінде саясат, экономика, әлеуметтік жағдайлар мен хабарлар, ақпараттар орын алған.

Республикамыздың белді тарихшылары А.Сармузин мен М.Қойгелдиев бұл туралы былай дейді: «Қазақ» алғашқы сандарынан бастап-ақ позициясы түсінікті, көздеген мақсаты бар газет болатын. Ол мақсат – қазақ қоғамын ояту, оны жарыққа жетелеу, ұлт-азаттық езгіге қарсы күрес жолына алып шығу еді. Ауыр отарлық езгі. Столыпин реформасы нәтижесінде жер үшін күрестің шиеленісуі, шаруашылық дағдарыс, саяси-әлеуметтік құқықсыздық жағдайдың да «Қазақ» жалпы ұлттық мәселелерді көтеріп, сол үшін күресті» [9].

Ахмет Байтұрсыновтың өте күрделі де қиын кезеңде иығына түскен жүктің ауырлығына қарамастан өзінің парасаты мен тасқынды шығармашылық күш-қуатын, халқына деген сүйіспеншілігін жаңа арнаға бұрып, халқы үшін аянбай тер төккенін «Қазақ» газеті арқылы көреміз. Бұл сол заманғы аса ірі ерлік еді.

«Қазақ» газеті мен оның құрылтайшыларының көздеген түпкілікті мақсаты – қазақтың ұлттық мемлекеттігін қайта көтеру және Әлихан Бөкейхан өзінің «Қазақтар» очеркінде атап өткендей, қазақтың ұлттық салт-дәстүрі негізінде «батыс мәдениеті жүзеге асырылуға тиіс» болатын.

Алдына осындай мақсат-мүдделерді қойған «Қазақ» газеті мен оның құрылтайшылары мақсаттарына монархиялық билік дәуірінде қантөгіссіз күрес жолымен жетуге ұмтылды.

Алайда, отаршыл империя заманынан аман шыға білген «Қазақ» газеті кеңес өкіметінің Қазақстанға билік орнатуға тырысқан алғашқы күндерінде-ақ, 1918 жылдың наурызында біржола жабылды. Көп ұзамай оның құрылтайшылары мен авторларының басым көпшілігі саяси қуғын-сүргін кезінде атылып кетті.

Қазақ халқының көне заманнан бергі қалыптасқан тіл байлығы, шежіре сөз саптауы осы газет арқылы қағаз бетіне түсіп, белгілі стильдік мәнге ие болды. Газет қазақтың бай тілін пайдалана отырып, қажет болған жағдайда басқа тілдермен сөз алудан қашпау керектігін, қазақ тілінде жоқ жаңа ұғым, атауларды кіргізу үшін әсіресе орыс сөздерін қолдануды ұсынды. Орыс тілінен кірген сөздерді қалай жазу керектігін газеттің бас аудармашысы Д.Сұлтанғазин «Қазақ тілінде жазу туралы» деген мақаласында: «Қазақ тілінде кірген сөздердің қазаққа қанша ұғымдылығына қарау керек. Егер қазаққа ұғымды болса орыстардың өз сөйлегендеріне ұқсатып жазуға тырысу керек» [10].

“Қазақ” газетінде басылған қазақ халқының саяси өмірі, мәдениет, әдебиет, тарихы туралы очерктерге тоқталу барысында көз жеткені – әртүрлі дерек көздерінің құндылығы. Бұлар ғылыми, тарихи, әдеби зерттеуді талап ететін мол материалдардың тасқыны екені даусыз. Ұлттық әдебиет пен тарихта орны бар авторлардың очерктік шығармаларына тоқтала отырып, қай мәселе төңірегінде әңгіме қозғаса да бай мағлұмат беретін материалдар баршылық. “Қазақ” газетінде жарияланған очерктер ағынының негізгі идеясы қарапайым халықтың ізгі мұратымен сабақтас болып отыратынын атаған абзал.

«Қазақ» газеті – қазақ халқының экономикалық, саяси-әлеуметтік жағдайы, әдебиеті, мәдениеті, әдет-ғұрпы, салт-санасы туралы жан-жақты жазу барысында очерк жанрындағы шығармаларды көптеп жариялаған XX ғасыр басындағы бірден-бір басылым. «Қазақ» газеті ірі-ірі әлеуметтік мәселелерді халық алдына өткір қоя білген, сол кезеңдегі қоғамдық пікірді қалыптастыруда үлкен үлесі бар басылым деуге толық болады.

Қорыта айтқанда, Қазақстан библиографиясының дамуындағы қазақ мерзімді баспасөзінің қалыптасу тарихы мен Отан тарихының кеңестік кезеңінде таптық көзқараспен қалыптасқан қоғамдық-саяси қағидалар мен ұстанымдардың шынайы мазмұнын ашудағы деректік негізін ашып көрсету аса маңызды. Газет, журналдар үкімет пен партия тарапынан бақылауда болса да, елдегі келеңсіз жағдайларды, асыра сілтеушілік саясатты ашық сынға алған, қазақ зиялыларының ықпалында болған «ұлтшылдық» пиғылдағы басылымдар болса, ал 30 жылдары мерзімді басылым нағыз партия газетіне айналды.

Газет-журналдар бірінші ретте партия мен үкіметтің саясатын насихаттаумен айналысты. Өйткені бірінші және екінші беттерін толықтай партия жұмысына арнап, өлкелік партия шешімдерін, қаулы-қарарларын мүлтіксіз орындап отырды. Елде өткен съезд, конференция, пленум барысы, сайлау мәселесі, қабылданған қаулы-қарарлармен таныстыру мәселелерін бірінші жолға қойды. Оның үстіне республикалық және облыстық газеттерде жарияланатын материалдар міндетті түрде тексерістен өтіп отырды.

Әр басылымның өз тілі, бір-біріне ұқсамайтын ерекшеліктері мен ұқсастықтары болды. Мерзімді басылымдарды жаңа ұлттық мүдде тұрғысында қарастыру Қазақстан библиографиясының дамуына көп мүмкіндік берді.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

1. Учредительный съезд Советов Киргизской (Казахской) АССР, 4-12 октября, 1920 [Текст]: Протоколы. – М., 1936. – 127 с.
2. Жиренишин А.М. Из истории казахской книги [Текст]. – Алма-Ата: Казахстан, 1977. – 192 с.
3. Қозыбаев С.М. және т.б. Әлем баспасөзі тарихынан: оқу құралы [Мәтін] / М. Қозыбаев, С.Рамазанова, Қ.Аллаберген. – Алматы: Санат, 1998. – 256 б.
4. Байболсынова А.Т. Қазақстан библиографиясының қайраткерлері [Мәтін]: жоғарғы оқу орнына арн. – Алматы: ҚР Ұлттық кітапханасы, 1998. – 106 б.
5. Айқап [Мәтін] // Энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 360 б.
6. Қазақстан баспагерлері мен полиграфистері [Мәтін]: анықтамалық / Алматы: Білім. – 2007.- 272 б.
7. Қазақ газеті [Мәтін] // Құраст. Ү. Субханбердина, С. Дәуітов, Қ. Сақов. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 560 б.
8. Байменишин С. Журналистиканың жанрлары [Мәтін]. – Алматы: Алатау, 1997. – 103 б.
9. Бөкейханов. Ә. Шығармалар [Мәтін]. – Алматы: Қазақстан, 1994 – 384 б. Қазақстандағы кітапханатану ісі және библиография [Мәтін]. – Алматы, 2007. – 159 б.

ӘӨЖ 94 (574)

МРНТИ 03.01.11